



Қорытынды  
мемлекеттік  
аттестация  
жөніндегі  
әдістемелік  
нұсқауларды  
бекіту беті

Нысан  
ПМУ ҰС Н 7.18.3/24

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Мемлекет және құқық тарихы мен теориясы кафедрасы

050301 «Құқықтану» мамандығының студенттеріне арналған

## **ҚОРЫТЫНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАЦИЯ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

Павлодар

Кегль 14,  
буквы  
строчные,  
кроме  
первой  
прописной



**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі**  
**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті**

**БЕКІТЕМІН**

ОІ жөніндегі проректор

\_\_\_\_\_ Пфейфер Н.Э.

2010ж. «\_\_\_» \_\_\_\_\_

050301 «Құқықтану» мамандығының студенттеріне арналған

**ҚОРЫТЫНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАЦИЯ БОЙЫНША**  
**ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**

Бағдарлама ҚР МЖМБС 3.08. 279 - 2006 Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының, Ағымдағы үлгерімге бақылау жүргізудің типтік ережелері, жоғары оқу орындарындағы білім алушыларды аралық және қорытынды аттестациялау және «Жоғары оқу орындарында дипломдық жұмысты (жобаны) орындау ережелері. Негізгі ережелер» атты ҚР МЖМБС 5.03.016-2009 негізінде әзірленді.

Құрастырушы \_\_\_\_\_ Ахмадиева А.Т.

2010ж. «\_\_\_» \_\_\_\_\_ кафедра отырысында ұсынылған  
№ \_\_\_\_\_ хаттама.

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Ахмеджанова Г.Б. 2010ж. «\_\_\_» \_\_\_\_\_  
Тарих және құқық факультетінің оқу-әдістемелік кеңесімен  
құпталған 2010ж. «\_\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хаттама  
ОӘК төрағасы \_\_\_\_\_ Мошна Н.И. «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2010ж.

**КЕЛІСІЛГЕН**

Факультет деканы \_\_\_\_\_ Ақышев А.А. «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2010ж.

**МАҚҰЛДАНДЫ**

ОҰСМБ бастығы \_\_\_\_\_ Крюкова Е.В. «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2010ж.

ЖБЖӘБ бастығы \_\_\_\_\_ Варакута А.А. «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2010ж.

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесімен құпталған  
2010ж. «\_\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_\_ хаттама

## **1 Қорытынды мемлекеттік аттестация мен мемлекеттік емтиханды өткізудің мақсаты мен міндеті:**

Қорытынды аттестация жоғарғы оқу орнында академиялық күнтізбе мен мамандықтың оқу жұмыс жоспары негізінде өтеді. Қорытынды аттестацияның мерзімі 4 аптадан кем болмауы керек. Бітірушілердің қорытынды аттестациясы МЖБС көрсетілген негіз бойынша өткізіледі. Білім алушылар барлық мемлекеттік емтихандарды тапсырып және диплом жұмысын (жобасын) қорғап оның барлығы оқу оқу барлығы оқу жұмыс жоспары мен барлық талапқа сай болуы керек.

Мемлекеттік емтиханның негізгі мақсаты – ЖОО талаптары мен МЖБС 3.08.279-2006 және аталған мамандықтың біліктілік сипаттамасына сәйкес өткізіледі.

- 050301 «Құқықтану» мамандығының бітірушілері қолданыстағы заңның барлық құқық саласына қолданылуын біліп, нақты бір іс бойынша шара қолдана білуі қажет;
- іс жүргізушілік құжаттарын құрастыру;
- сотта азаматтық және қылмыстық іс бойынша нақты және анық талдау жасай білуі.

Оқу үрдісін бітіру МЖБС талаптарына сәйкес жеке оқу жоспарының орындалуы негізінде студенттің теориялық білімінің көлемінің негізінде жүзеге асырылады.

### **Мақсаты:**

1.1 бітірушінің мыналардан хабары болуы керек:

- демократиялық және құқықтық мемлекеттің құндылығы мен жалпы азаматтық мәнін білу;
- қоғамдағы саяси және экономикалық жағдайын;
- заңдылық пен оның логикасы.

1.2 бітірушілер білуі керек:

- құқықтың түсінігі;
- Қазақстанның тарихи даму кезеңіндегі конституциялық дамуы мен мемлекеттік-құқықтық негізі;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік механизмі мен құқықтық жүйесінің ерекшелігін.

1.3 бітірушілер істей білуі керек:

- алған білімдерді шығармашылықта қолдану;
- нақты жағдайларға шешім таба білу;
- өзінің біліктілігін өз бетімен арттыру және дағды мен біліктілікті арттыру.

1.4 бітірушілердің дағдысы болуы керек:

- кәсіби қызметте білім мен гуманитарлық әдісі мен кәсіби қызметте қолдану;
- зерттеу жұмысы.

## **2 Мемлекеттік аттестацияға дайындық пен ұйымдастыру және оны өткізу нысаны**

2.1 Емтиханды өткізу нысаны – аралас (тестілеу+ауызша). Мемлекеттік емтиханды өткізу нысаны С. Торайғыров атындағы ПМУ ҒК бекітеді.

Тестілеу негізгі оқу корпусының компьютерлік сыныптарында мониторинг бөлімінің бекіткен сабақ кестесіне сәйкес өткізіледі. Тест тапсырмасы 30 сұрақтан, әрбір сұраққа 3 минуттан жалпы уақыты 90 минут беріледі.

050301 «Құқықтану» мамандығы бойынша тестілеу Мемлекеттік аттестация комиссиясының (МАК) талабы бойынша жүргізіледі.

Комиссия құрамы мен оның төрағасы ректордың бұйрығымен бекітіледі. МАК құрамының мүшелеріне кіруге құқықтары бар: факультет деканы МАК қалған мүшелері профессор, доцент, жоғарғы біліктілігі бар мамандар бола алады.

МАК құрамының саны жоғарғы оқу орнымен анықталады:

МАК құзіретіне кіреді:

- 1) мамандықтың МЖБС талаптарына сәйкес ғылыми-теориялық және тәжірибелік дайындықтарын жоғарғы оқу орнында қолдану;
- 2) диплом мен біліктілік беретін талаптары бойынша шешім қабылдау;
- 3) мамандықтың талаптары бойынша бакалавр академиялық дәрежесін беру;
- 4) мамандықтың біліктілігін одан әрі қарай арттыру;
- 5) МАК жұмысы аяқталуы бойынша есеп жазып, екі апта мерзімінде жоғарғы оқу орнының басшысына тапсыруы қажет;
- 6) МАК төрағасының есебі жоғарғы оқу орны мен әдістемелік кеңесі (факультет) талқылайды және бекітеді;
- 7) Екі апталық мерзім аяқталғаннан кейін бекітілген есеп облыстың білім беру органдарына тапсырылады.

Оқу жоспарына сәйкес барлық емтихан сынақтары мен курстық жұмыстарын толық тапсырған студент мамандық бойынша мемлекеттік емтиханды тапсыруға жіберіледі.

МАК кестесі ректормен немес ректордың тапсыруымен оқу бөлімінде емтиханның басталуына екі апта қалғанда жасалады.

Мемлекеттік емтиханда күніне 15 адамнан артық болмауы керек.

Мемлекеттік емтиханға екі апталық дайындық беріледі. Бұл үшін шығарушы кафедра қосымша сабақтар өткізеді. Сабақ кестесі 1 аптаға болуы керек.

Мемлекеттік емтихан (мамандықтың негізгі пәндері бойынша) мынадай нысанда: тестілеу, ауызша (кешенді тестілеу) негізінде олардың кәсіби мамандығының жоспары негізінде жүзеге асырылады. Мамандық бойынша мемлекеттік емтихан пән бағдарламасы бойынша кешенді емтиханға кіреді.

Аттестациялық комиссия жұмысын ұйымдастыру:

- мемлекеттік емтихан екі кезеңнен өтеді (тестілеу+ауызша бөлім);
- тест өткеннен кейін ОҰҰБ емтихан тізімдемесін береді;
- мемлекеттік емтихан бойынша тестінің үлестік салмағы 0,4

салмақты құрайды;

- Студентке 1 кезеңді өту үшін университетзалында бір студентке 30 сұрақ 90 минуттық уақытпен жұмыс жасауға беріледі;
- бітірушілердің емтихан билетіне дайындыққа 45 минут беріледі және аттестация комиссиясының алдында жауап береді;
- емтихан қорытындысын (студенттің жауабынан кейін комиссия кеңесіп студенттердің берген білімдеріне баға қойылады);
- бітірушілерге білімнің қорытындысын жариялау;
- қорытынды бойынша талдау жасау;
- хаттаманы рәсімдеу.

## 2.2 Диплом жұмысын қорғау

Диплом жұмысын қорғау МАК ашық отырысында қарастырылады. Бір диплом жұмысын қорғаудың уақыты 50 минуттан аспауы керек. Диплом жұмысын қорғауда МАК алдында 15 минут ішінде қорғап болуы қажет.

Диплом жұмысын (жобасын) қорытындысы бойынша студенттердің біліміне баға қойғанда баллдық-рейтингтік жүйе бойынша есептейді. Ол үшін жұмысына ғылыми жетекшінің пікірі мен ғылыми және тәжірибелік негізі мен теориясы, рецензенттің пікірін назарға алады. Ғылыми жетекшінің пікірінде жұмысты «қорғауға жіберу» немесе «қорғауға жібермеу» туралы белгі болуы керек. Диплом жұмысының рецензиясын ғылыми ұйымдар мен басқа да жоғарғы оқу орындарының қызметкерлері бекітілген бұйрық бойынша диплом жұмысына (жобасына) қорытынды пікіріп беріп, оның қорытындысын («өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қанағаттанарлықсыз») және біліктілікті беру немесе бермеу туралы пікірін білдіреді. МАК басқа да құжаттарды қарастыруы мүмкін, яғни, диплом жұмысы (жобасы) бойынша ресми емес пікірлер мен макеттер де ұсынылуы мүмкін. Диплом жұмысына рецензия беру тек қана сырттағы білікті мамандарға немесе ұйымдардағы мамандарға мамандықтың біліктілігіне сәйкес жүргізілуі мүмкін. Диплом жұмысының рецензенттері жоғарғы оқу орнының басшысының бұйрығымен бекітіледі және ол шығарушы кафедраның ұсынған тізімі бойынша жүргізіледі. Барлық МАК отырысының қызметі бойынша хаттама жасалады, онда барлық мүшелері қол қоюлары керек, ол болмаса, хаттама жарамсыз болып танылады.

МАК отырысының барлық бланктері нөмірленіп және тігіліп оқу бөліміне (оқу-әдістемелік басқармаға) әрбір МАК бойынша аттестацияның нысаны негізінде тапсырылады. 3-5 қосымшаға сәйкес МАК отырысының хаттамасы жеке жүргізіледі. Хаттамасы МАК хаттамасымен жүргізіледі және ол бітіруші кафедраның оқытушылар құрамынан ұсынылады.

### 3 Бағаны қою тәртібі

Қорынтынды бағаны (К)	Балдың цифрлық баламасы (Ц)	Әріп жүйесі бойынша бағаны (Ә))	Дәстүрлі жүйемен бағаны (Д)	
			Емтихан, сынақ/емтихан	Сынақ
95-100	4	A	Өте жақсы	Есептелді
90-94	3,67	A-	Жақсы	
85-89	3,33	B+		
80-84	3	B		
75-79	2,67	B-	Қанағаттанарлық	
70-74	2,33	C+		
65-69	2	C		
60-64	1,67	C-		
55-59	1,33	D+		
50-54	1	D	Қанағаттанарлықсыз	
0-49		F		

Аттестация комиссиясының мүшелері бағаны қойғанда мынаны басты назарға алуы керек:

- бітірушіге «өте жақсы» бағасы мына жағдайда қойылады:

- 1) емтиханның 1 кезеңін сәтті тапсырған кезде;
- 2) тек теориялық мәнін ғана ашпай, оған тәжірибеден мысал келтірсе;
- 3) аталған мәселе бойынша өзінің пікірін білдірсе;
- 4) қолданыстағы заң бойынша талдау жасаса;
- 5) мәселенің дамуы мен тарихына талдау жасаса;
- 6) басқа да заңдылықтарды мемлекеттер бойынша салыстырып, ұлттық негізде талдау жасау;

негізде талдау жасау;

- 8) құқық нормасындағы кемшіліктерді тауып және оны жою жолдарын көрсетсе;

- 9) құқықтық актілерге талдау жасаса;

- 10) аттестация комиссиясы мүшелерінің қоятын сұрақтарының

барлығына толыққанды жауап берсе;

- 11) логикалық және аналитикалық көзқарас білдірсе.

- бітірушіге «жақсы» бағасы мына жағдайда қойылады:

- 1) емтиханның 1 кезеңін сәтті тапсырған кезде;
- 2) тек теориялық мәнін ғана ашпай, оған тәжірибеден мысал келтірсе;
- 3) аталған мәселе бойынша өзінің пікірін білдірсе;
- 4) аталған мәселе бойынша нормативті әдебиеттерге талдау жасаса;
- 5) аттестация комиссиясы мүшелерінің сұрақтарының барлығына

нақты талдау жасаса;

- 6) барлық мәселеге толық жауап берсе;

- 7) логикалық және аналитикалық көзқарас білдірсе.

- бітірушіге «қанағаттанарлық» бағасы мына жағдайда қойылады:

- 1) емтиханның 1 кезеңін сәтті тапсырған кезде;
- 2) тек теориялық мәнін ғана ашып, оған тәжірибеден мысал келтірмесе;

- 3) аталған мәселе бойынша өзінің пікірін білдірмесе;
  - 4) аталған мәселе бойынша нормативті әдебиеттерге талдау жасамаса;
  - 5) аттестация комиссиясы мүшелерінің сұрақтарының барлығына нақты талдау жасамаса;
  - 6) барлық мәселеге толық жауап бермесе;
  - 7) логикалық және аналитикалық көзқарас білдірмесе.
- бітірушіге «қанағаттанарлықсыз» бағасы мына жағдайда қойылады:
- 1) емтиханның 1 кезеңін сәтті тапсырған кезде;
  - 2) теориялық және тәжірибелік мәнді ашпаса;
  - 3) мәселенің даму тарихы мен маңызын білмесе;
  - 4) әдебиетке талдау жасай алмаса;
  - 5) қойылған сұрақтарға жауап бере алмаса;
  - 6) мәселені шеше алмаса.

#### **4 Аттестацияны қайта өту тәртібі**

Студент, егер мемлекеттік аттестацияға себепті негіздер бойынша келмесе, МАК төрағасының атына өтініш жазып, не себепті келемегенін көрсетеді, егер төраға емтихан мен диплом жұмысын қорғауға рұқсат берсе төрағаның бекіткен мерзімінде емтихан және диплом жұмысын (жобасын) белгіленген кесте бойынша қорғайды.

Емтихан мен диплом жұмысын (жобасын) қайта тапсырған кезде баға көтеріліп қойылмайды.

Емтиханды немесе диплом жұмысын (жобасын) қайта қорғаудан өтетін болса, яғни, «қанағаттанарлықсыз» деген баға алатын болса, онда қайта мемлекеттік аттестация өткізілмейді.

Егер де диплом жұмысы (жобасы) қанағаттанарлықсыз деп танылатын болса, МАК комиссиясы аталған жұмыстағы қателіктерді жойып қайта қорғауға болатынын немесе кафедраның ұсынысы бойынша жаңа тақырып беріп оған мерзім белгіленуі мүмкін.

Қорытынды аттестацияны қайта өту өткен жылдағы қорытынды аттестацияның нысанымен өтеді, яғни қанағаттанарлықсыз деген баға алған негіз бойынша ғана.

Сондықтан мемлекеттік емтихан құрамына кіретін пәндер оқу жоспары негізінде сол емтиханды тапсыру негізінде теориялық курс бойынша сол жылды бітіреді.

Қорытынды аттестация бойынша оқудан шығарылған студент, жоғарғы оқу орнында қорытынды аттестация басталғанға дейін 2 аптадан кешіктірмей өтініш жазып, ұйымның төрағасының рұқсат негізінде өзінің уақытында өткен нысанда яғни, «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған нысанда емтихан тапсырады.

Қорытынды аттестациядан қанағаттанарлықсыз деген баға алған студент ректордың бұйрығымен оқудан шығарылып, бекітілген нысандағы анықтама студенттің қолына беріледі.

МАК төрағасына анағаттанарлықсыз деген баға алғаннан кейін денсаулық жағдайына байланысты анықтамасы қарастырылмайды.

Қорытынды аттестациядан өткен студентке жоғарғы оқу орнының бағдарламасын толық орындағаннан кейін МАК шешімімен студентке біліктілік дәрежесі немесе «бакалавр» академиялық дәрежесі мемлекеттік стандартпен бекітілген негізде қосымшамен мамандық дипломы беріледі.

Диплом қосымшасы тіркеу бөлімінің (офисінің) негізгі құжаты, яғни, МЖБС пәндерін толық және барлық пәннің көлемін нақты орындағаны туралы, сонымен қатар тапсырған курстық жұмысының, тәжірибенің барлық түрлері мен қорытынды аттестацияның нәтижесі көрсетіледі.

Емтихан мен дифференциялық сынақты тапсырған студенттің бағасын, А,А- «өте жақсы» барлық пәндердің 75 пайызын орындаса, ал қалған пәндер бойынша В-,В,В+ («жақсы» және де мемлекеттік емтиханды тапсырған және диплом жұмысын қорғағанда А,А-«өте жақсы», онда үздік диплом беріледі (әскери дайындықты қоспағанда).

## **5 Университетті бітіргеннен кейін құжаттарды беру және рәсімдеу тәртібі**

Диплом жұмысын (жобасын) қорғағаннан кейін баға қойылып, МАК отырысында студентке академиялық дәреже беріліп дипломның (үздік немесе үздік емес) берілуінің ашық дауыс беру шешімі арқылы анықтайды.

Хаттамада мемлекеттік емтихан мен диплом жұмысын (жобасын) қорғаудың бағасы хаттамаға енгізіледі және де қойылған сұрақтарда хаттамада көрсетіледі. Егер де МАК құрамының біреуінің пікірі сәйкес келмесе оның барлығы хаттамада көрініс табуы қажет. Хаттамада біліктілікті берудің академиялық дәрежесі сонымен қатар дипломның (үздік немесе үздік емес) үлгісі көрсетіледі.

Хаттамада аттестациялық комиссияның мүшелері өздерінің қолдарын қояды.

МАК жұмысы аяқталғаннан кейін хаттамалар университеттің мұрағатына белгіленген тапсырылады.

Мемлекеттік емтиханды тапсырған күні дипломдық қорғау күндері хабарланады.

Егер мемлекеттік емтихан тест арқылы өтсе, онда емтиханның негізгі құжаты емтихан тізімдемесі болып табылады.

МАК төрағасының есебінде мыналар көрініс табуы керек:

- 1) жоғарғы оқу орынында мамандықты дайындау дәрежесі;
- 2) әртүрлі пәндер бойынша мемлекеттік емтиханның сипаттамасын беру және мамандарды дайындау;
- 3) диплом жұмысының (жобасының) сапалы орындалуы;
- 4) диплом жұмысының (жобасының) тақырыптарының қазіргі ғылым, техника, мәдениетке сәйкестігі;
- 5) мамандық бойынша кадрлардың сапасын арттырудың анализі;
- 6) жоғарғы оқу орындарында әрі қарай мамандарды дайындаудың болашақтағы ұсыныстары мен нақты жағдайларын жасау.